

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1431
Жарлығына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 502 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 4 қарашадағы № 369 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 04.11.2016 № 369 Жарлығымен (колданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз).

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 28 тамыздағы N 1431 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 31, 420-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) 3-тармақтағы "40" деген цифрлар "65" деген цифрлармен ауыстырылсын;
- 2) аталған Жарлықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы" мемлекеттік мекемесінің Жарғысында:
22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Мұражайды қаржыландыру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдаланылатын қайырымдылық және демеушілік көмек түрінде түсетін қаражат және өзге де қаражат есебінен жүзеге асырылады.";

23-тармақ алып тасталсын.

2. Осы Жарлық 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 1) тармақшасын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*